

ӘОЖ 372.857:37.015.3

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қабиболлина Ғазиза Уалиоллақызы

магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада биология сабағында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – биология сабағында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдарын анықтау, олардың тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу. Зерттеу барысында теориялық талдау, ғылыми-әдістемелік еңбектерді жүйелеу, салыстырмалы сипаттау және мазмұндық жіктеу әдістері қолданылып, белсенді оқыту әдістері функционалдық бағыттар бойынша сараланды және олардың оқу процесіндегі тиімділігі мен ықпал ету механизмдері сипатталды. Нәтижесінде оқу мотивациясын арттыруда белсенді әдістерді қолданудың маңыздылығы айқындалып, педагогикалық тәжірибеге арналған әдістемелік ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: биология, белсенді оқыту әдістері, оқу мотивациясы, білім алушылардың белсенділігі, оқу үдерісі.

Қазіргі білім беру жүйесі оқушының тұлғалық дамуына, шығармашылық әлеуетін ашуға және дербес ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталуда. Бұл үдерісте оқытудың белсенді әдістері маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушыны оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдырып, білім алуға деген қызығушылықты арттырады. Әсіресе, жаратылыстану бағытындағы пәндерде, соның ішінде биологияда, белсенді оқыту әдістерін тиімді пайдалану – білім сапасын жақсартудың және оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың басты құралына айналуға.

Биология пәні оқушыларға тірі табиғаттың заңдылықтарын, ағзалардың құрылысы мен қызметін, экологиялық өзара байланыстарды түсіндіреді. Бұл пәнді меңгеру оқушылардан логикалық ойлау, бақылау, салыстыру және талдау қабілеттерін талап етеді. Сол себепті дәстүрлі оқыту тәсілдеріне қарағанда, белсенді оқыту әдістері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жандандырып, оқу мотивациясын күшейтуде әлдеқайда нәтижелі бола алады.

Зерттеудің мақсаты – биология сабағында белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдарын анықтау, олардың тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.

Оқу мотивациясы – оқушыны оқу іс-әрекетіне итермелейтін, оның білім алуға деген саналы ұмтылысын қамтамасыз ететін ішкі психологиялық күш [1, 272 б.]. Ол білім алушының танымдық белсенділігінің деңгейін, оқуға деген көзқарасын, табандылығын және оқу нәтижесіне жету ниетін айқындайды. Мотивацияны білім беру үдерісінде басшылыққа алу – оқыту сапасын арттырудың, оқушының әлеуетін толық ашудың маңызды алғышарты.

Психология мен педагогика ғылымында оқу мотивациясы ішкі (интринсивті) және сыртқы (экстринсивті) деп жіктеледі. Ішкі мотивация оқушының пәнге деген қызығушылығынан, ізденіс пен жаңа білімге ұмтылысынан туындайды. Ал сыртқы мотивация белгілі бір марапатқа, бағаға немесе жазалаудан қашуға бағытталады. Зерттеулер көрсеткендей, ұзақ мерзімді, тұрақты оқу белсенділігі мен терең білім игеру ішкі мотивациямен тығыз байланысты [2, 53 б.]. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту – басты міндеттердің бірі болып отыр. Мұндай мотивацияны қалыптастыру үшін оқу мазмұнының өзектілігі, тапсырмалардың өмірмен байланыстылығы, оқушының қабілетіне сай болуы және оқыту әдістерінің белсенді сипаты маңызды рөл атқарады.

Осы тұста оқытуда қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің оқушы мотивациясына әсерін ерекше атап өтуге болады. Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың танымдық, шығармашылық және практикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдер жүйесі. Бұл әдістерде оқушы – білім алудың белсенді қатысушысы, яғни тек тыңдаушы емес, өз бетімен ізденуші, талдаушы және шешім қабылдаушы тұлға ретінде танылады. Оқыту әдістерінің белсенді түрлерін қолдану арқылы мұғалім оқушыны дербес әрекетке итермелейді, сол арқылы оның оқу мотивациясы артады.

Бірқатар зерттеулер белсенді оқыту әдістерінің оқу мотивациясына оң әсер ететінін көрсетеді. Мәселен, Горяйнова Л. С., Рыкусова Д. бірлескен оқыту тәсілдерінің оқушылар арасындағы ынтымақтастықты дамытатынын және оқу мотивациясын арттыратынын атап өтеді [3, 650 б.]. Околи Дж. Н. өз зерттеуінде тәжірибе арқылы оқыту мен визуалды құралдардың қолданылуы оқушылардың танымға деген қызығушылығын күшейтетінін көрсетеді [4, 96 б.]. Отандық ғалым С. Казбекова тұлғалық-бағдарлы оқыту мен белсенді әдістерді ұштастыру арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдарын айқындайды [5, 38 б.].

Оқу мазмұны мен дидактикалық мақсаттарға сай белсенді оқыту әдістерін бірнеше топқа жіктеуге болады. Мәселен, диалогке және өзара әрекетке негізделген белсенді әдістер оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, өз

ойын еркін әрі дәлелді түрде жеткізу, пікір алмасу, тыңдау және өзара түсінісу қабілетін дамытады. Бұл бағыттағы әдістерге пікірталас (дебат), сұрақ-жауап, «миға шабуыл», «дөңгелек үстел», Сократтық диалог және Think-Pair-Share («Ойлан – жұптас – бөліс») жатады. Мысалы, биология сабағында «Гендік инженерия: этикалық және ғылыми аспектілер» тақырыбында дебат ұйымдастыру арқылы оқушылардың ғылыми негізде ой айтуы және өз ұстанымын қорғауы қамтамасыз етіледі.

Келесі, бірлескен және ынтымақтастыққа бағытталған белсенді әдістер – оқушылардың топ ішінде жұмыс істеу, өзара көмек көрсету, рөлдерді бөлу, ұжымдық шешім қабылдау сияқты дағдыларын дамытады. Бұл әдістерге жобалық жұмыс, кейс-стади, Jigsaw («Мозаика»), рөлдік бөлу арқылы тапсырма орындау, командалық және шағын топтық оқыту жатады. Мысалы, «Экожүйенің бұзылуы және оның салдары» тақырыбында шағын топтарда талдау жасату оқушылардың талдау, синтездеу және тұжырым жасау қабілеттерін арттырады.

Зерттеушілік және проблемалық оқыту әдістері оқушылардың ғылыми ойлауын, логикалық тұжырым жасай білуін, гипотеза құру және дәлелдеу дағдыларын дамытады. Проблемалық сұрақтар, зерттеу тапсырмалары, эксперимент, Inquiry-Based Learning тәсілдері осы бағытқа жатады. Мысалы, «Фотосинтез процесіне жарықтың әсері» тақырыбында эксперимент жүргізу арқылы оқушы ғылыми зерттеудің құрылымын тәжірибе жүзінде меңгереді.

Сондай-ақ, рефлексия мен сыни ойлауға негізделген әдістер оқушылардың білім мазмұнына қатысты өзіндік ой қалыптастыруына, алынған ақпаратты талдау мен жүйелеуге бағытталады. INSERT, Венн диаграммасы, RAFT, «БББ» кестесі және рефлексивтік эссе жазу осы әдістер қатарына жатады. Мысалы, «Адам ағзасының жүйелері» тақырыбынан кейін «БББ» кестесін толтыру арқылы оқушы оқу барысында не білгенін және әлі неге қызығатынын бағамдай алады.

Одан бөлек, ойын және модельдеу тәсілдері биологиялық ұғымдарды шынайы жағдаяттармен байланыстыру арқылы оқу үдерісін жандандырады. Рөлдік ойындар, симуляциялар, сценарийлік тапсырмалар, геймификация элементтері оқушылардың сабаққа деген эмоционалдық қатынасын арттырады. Мысалы, «Иммундық жүйе жұмысы» тақырыбында рөлдік ойын ұйымдастыру арқылы әр оқушы антиген, антидене, лимфоцит секілді рөлдерді орындай отырып, процестің мәнін тәжірибе арқылы түсінеді.

Ақпараттық технологиялар дамыған қазіргі кезеңде сандық және интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың қызығушылығын оятып, дербес оқытуға жағдай жасайды. Онлайн викториналар (Kahoot, Quizizz), цифрлық платформалар, интерактивті тақтамен жұмыс, VR/AR технологиялары осы бағытта кеңінен қолданылады. Мысалы, сабақ соңында Quizizz арқылы

жасалған тест тапсырмалары оқушылардың білімін тез әрі нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Осы әдістердің барлығы биология сабағының мазмұны мен құрылымына бейімделе отырып, оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және оқу мотивациясын арттыруға тиімді ықпал етеді (кесте 1).

1-кесте.

Биология сабағында қолданылатын белсенді оқыту әдістері

Оқыту бағыттары	Қолданылатын әдіс түрлері	Оқу мотивациясына ықпалы
Диалогке және өзара әрекетке негізделген әдістер	Пікірталас, сұрақ-жауап, миға шабуыл, дөңгелек үстел, Сократтық диалог, Think–Pair–Share	Коммуникативтік құзыреттілікті дамытады, өз ойын жеткізуге және өзара түсіністікке үйретеді
Бірлескен және топтық жұмыс әдістері	Жобалық әдіс, кейс-стади, Jigsaw, шағын топтық жұмыс, рөлдік бөлу, командалық оқыту	Ынтымақтастықты қалыптастырады, бірлескен әрекет арқылы жауапкершілікті сезінуге, қызығушылықты арттыруға ықпал етеді
Зерттеушілік және проблемалық оқыту әдістері	Проблемалық оқыту, Inquiry-Based Learning, эксперимент, зерттеу жұмыстары, гипотеза ұсыну	Ғылыми ойлауға баулиды, танымдық қызығушылық пен логикалық пайымдауды дамытады
Рефлексия мен сыни ойлауға бағытталған әдістер	INSERT, Венн диаграммасы, RAFT, «БББ» кестесі, кластер, рефлексивтік эссе	Өз білімін саралауға, оқу мазмұнын қайта қарауға, өзін-өзі тануға және метатанымдық қабілетті дамытуға жағдай жасайды
Ойын және модельдеу әдістері	Рөлдік ойын, симуляция, сценарийлік тапсырма, іскерлік ойын, геймификация элементтері	Эмоциялық мотивацияны арттырады, теорияны тәжірибемен байланыстыру арқылы терең түсінуді қамтамасыз етеді
Сандық және интерактивті әдістер	Kahoot, Quizizz, интерактивті тақта, цифрлық жобалар, AR/VR элементтері	Қызығушылықты арттырады, жедел кері байланыс береді, дербес оқуға ынталандырады

Әдістердің тиімділігі оларды оқу мазмұнына, оқушы деңгейіне және сабақ құрылымына сай таңдай білуге байланысты. Осыған байланысты аталған әдістерді тиімді қолдануға бағытталған бірқатар ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ұсынуға болады:

- белсенді әдістерді таңдауда пән мазмұны мен оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктері ескерілгені жөн;

- сабақ құрылымына белсенді әрекетті талап ететін тапсырмалар мен өзара әрекет формаларын жүйелі енгізу қажет;

- әрбір әдіс нақты дидактикалық мақсатпен байланыстырылып, оқу нәтижесіне бағытталуы тиіс;

- рефлексия мен кері байланысты ұйымдастыру – оқушылардың метатанымдық дағдыларын дамыту мен оқу мотивациясын тұрақтандырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылуы керек;

- педагогтардың әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру мақсатында кәсіби даму курстары мен тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру ұсынылады.

Қорытындылай келе, биология сабағында белсенді оқыту әдістерін тиімді пайдалану – оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, олардың танымдық қызығушылығы мен ішкі мотивациясын дамытуға ықпал ететін маңызды дидактикалық құрал болып табылады. Бұл әдістер білім мазмұнын меңгертуде ғана емес, оқушының тұлғалық және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге, оқу әрекетіне деген жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Камиева Г. К., Оразғалиева Л. М. Оқу мотивациясын қалыптастырудың маңызы // Тіл білімінің мәселелері / Проблемы языкознания. – 2021. – С. 272.

2. Ляшенко М. В. Мотивация учебной деятельности: основные понятия и проблемы // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Образование. Педагогические науки. – 2019. – Т. 11. – № 1. – С. 53–73.

3. Горайнова Л. С., Рыкусова Д. Д., Москвитина Н. Ю. Конструктивизм и его отражение в обучении младших школьников // Вестник науки. – 2025. – Т. 4. – № 6(87). – С. 650–655.

4. Okoli J. N., Abonyi O. S. The Effects of The experiential learning strategy on secondary school students' achievement in biology // US-China Education Review. – 2014. – Т. 4. – №. 2. – С. 96-101.

5. Казбекова С. Т. Биология сабағында белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімді жолдары // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия Педагогические науки. – 2024. – № 4. – С. 38–45.

WAYS TO INCREASE STUDENTS' LEARNING MOTIVATION THROUGH ACTIVE LEARNING METHODS IN BIOLOGY LESSONS

Kabibollina Gaziza Ualiollakzy

This article explores ways to enhance students' learning motivation through the application of active learning methods in biology lessons. The aim of the study is to identify effective strategies for increasing students' motivation by implementing active learning approaches in biology education and to substantiate their effectiveness both theoretically and practically. The research employed theoretical analysis, systematic review of scientific and methodological literature, comparative description, and content classification. Active learning methods were categorized according to their functional orientation, and their mechanisms of influence within the learning process were described. As a result, the importance of applying these methods to foster learning motivation was substantiated, and methodological recommendations were provided for pedagogical practice.

Keywords: biology, active learning methods, learning motivation, students' engagement, learning process.

СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Қабиболлина Ғазиза Уалиоллақызы

В данной статье рассматриваются способы повышения учебной мотивации учащихся посредством применения активных методов обучения на уроках биологии. Цель исследования — выявить эффективные стратегии повышения мотивации учащихся за счёт внедрения активных подходов в обучении биологии и обосновать их эффективность как с теоретической, так и с практической точек зрения. В ходе исследования использовались теоретический анализ, системный обзор научно-методической литературы, сравнительное описание и контент-классификация. Активные методы обучения были классифицированы по их функциональной направленности, а также описаны механизмы их воздействия в учебном процессе. В результате обоснована значимость применения данных методов для формирования учебной мотивации и предложены методические рекомендации для педагогической практики.

Ключевые слова: биология, активные методы обучения, учебная мотивация, вовлечённость учащихся, учебный процесс.

REFERENCES

1. Kamieva G. K., Orazgaliyeva L. M. The importance of forming learning motivation // *Issues of Linguistics*. – 2021. – p. 272.
2. Lyashenko M. V. Motivation of learning activity: basic concepts and problems // *Bulletin of the South Ural State University. Series: Education. Pedagogical Sciences*. – 2019. – Vol. 11. – No. 1. – pp. 53–73.
3. Goryainova L. S., Rykusova D. D., Moskvitina N. Yu. Constructivism and its reflection in teaching primary school students // *Bulletin of Science*. – 2025. – Vol. 4. – No. 6(87). – pp. 650–655.
4. Okoli J. N., Abonyi O. S. The effects of the experiential learning strategy on secondary school students' achievement in biology // *US-China Education Review*. – 2014. – Vol. 4. – No. 2. – pp. 96–101.
5. Kazbekova S. T. Effective ways of using active learning methods in biology lessons // *Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Series: Pedagogical Sciences*. – 2024. – No. 4. – pp. 38–45.